

## Дүниежүзінің саяси картасы

Дүниежүзінің саяси картасы – дүниежүзі елдері, олардың басқару формасы мен мемлекеттің құрылымын көрсететін географиялық карта. Саяси карта басты саяси-географиялық өзгерістерді көрсетеді: жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, мемлекеттердің қосылуы мен ажырауы, тәуелсіздік алу немесе тәуелсіздіктен айырылу, елдің ауданының өзгеруі, астаналардың ауысуы, елдердің және олардың астаналырының атауларын өзгерту, мемлекетті басқару формасын өзгерту, басқару формасының өзгеруі және т.б.

Саяси картадағы өзгерістер болуы мүмкін

- Сандық: мемлекетке жаңа ашылған жерлердің қосылуы, соғыстардан кейін жаңа аумақтардың қосылуы немесе осы аумақтардан айырылу, елдердің бірігуі немесе ажырауы, мемлекетаралық одақтардың құрылуы және т.б.

- Сапалық: саяси құрылымның өзгеруі, тәуелсіздікті алу, мемлекеттік құрылым формаларының өзгеруі және т.б.

Саяси картаның қалыптасуы ұзақ тарихи процесс болып табылады, ол адамзат тарихының бүкіл үрдісін көрсетеді. Көптеген ғасырлар бойы өзгере отырып, ол мемлекеттердің құрылуы мен бұзылуын, олардың шекараларының өзгеруін, жаңа жерлердің ашылуы мен отарлануын (колонизация), аумақтық бөлісу мен әлемнің өзгеруін көрсетеді.

Дерек көздері:

<http://geographyofrussia.com/osnovnye-etapy-formirovaniya-politicheskoy-karty-mira/>

<http://geographyofrussia.com/formirovanie-politicheskoy-karty-mira/>

## Саяси картадағы өзгерістердің тарихы

Дүние жүзінің қазіргі заманғы саяси картасының қалыптасуына қатысты оқиғаларды шартты түрде Жаңа (XVII ғасырдан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) және Ең жаңа кезең (Бірінші дүниежүзілік соғыстан бүгінгі күнге дейін) деп аталатын екі дәуірге топтастырады. Еуропалық отарлау кезеңі Жаңа Дүние мен Ескі Дүниенің көптеген аумақтарын қамтыды. Еуропадағы жетекші мемлекеттердің жаңа жерлерді бөлісуі және ықпал ету аумақтарын экономикалық, саяси жағынан басқару сипаты дүние жүзінің саяси картасының едәуір өзгеріске түсуге алып келді. Осы өзгерістерге сәйкес, мемлекет құрылымы мен оны басқарудың жаңа формалары пайда болды. Біраз уақыт аса ірі отар иеленуші мемлекеттер - метрополиялар (грекше metropolis – қала) болып есептеліп келген Испания мен Португалияның қатарына кейіннен Ұлыбритания, Франция, Нидерланд, Германия келіп қосылды. Осылайша Америкада, Африка мен Азияда отарлық аумақтар пайда болды. Мысалы, XX ғасырдың басына қарай отарлық иеліктер Африка жерінің 90% - ын, Азия аумағының 56% - ынан астамын, Америка жерінің 27% - ын алып жатты.

XIX ғасырдың басында Латын Америкасында басталған ұлт – азаттық қозғалыс нәтижесінде Эквадор (1809 ж.), Колумбия (1810 ж.), Венесуэла, Парагвай (1811 ж.), Аргентина (1816 ж.), және т.б. жаңа тәуелсіз мемлекеттер қалыптасты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дүние жүзіндегі жетекші метрополиялар арасында ықпал ету аймақтары үшін күрес шиеленісе түсті. Соның салдарынан әлемді Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. XX ғасырдың 50 – 60 - жылдарындағы отарлық жүйенің күйреуі, 80 – 90 жылдарындағы социалистік жүйенің ыдырауына байланысты оқиғалар айрықша рөл атқарды.

1939 – 1940 жылдары Балтық бойы елдері мен көршілес аумақтарды қосып алу есебінен КСРО аумағы кеңейе түсті. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Польша, Югославия, Грекия аумақтары бөліске түсіп, Германия Еуропаның көптеген елдерін басып алды. Соғыста жеңіліске ұшыраған Германияның, сондай – ақ Италияның, Югославияның Польша мен КСРО – ның мемлекеттік шекаралары өзгеріп, саяси картада Югославия Федеративтік Республикалар Одағы (ЮФРО), ГФР мен ГДР мемлекеттері пайда болды. Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндияның соғысқа дейінгі шекаралары қалпына келтірілді. Шығыс Еуропада пайда болған социалистік мемлекеттер біртұтас блокқа бірікті. Еуропада осы жылдары басталған шекараларды қалпына келтіру жұмысы қазірге дейін жалғасын табуда. Азияда бұл кезеңде Индонезия мен Вьетнам, Филиппин, Үндістан, Бирма (қазіргі Мьянма), Цейлон (қазіргі Шри-Ланка) тәуелсіздігін алды. 1948 жылы Корея бөлініп 38° с.е бойымен жүргізілген демаркациялық сызықтың солтүстігінде КХДР, ал оңтүстігінде Корея Республикасы пайда болды. Осы жылы БҰҰ шешімі бойынша Израиль мемлекеті қалыптасты. 1949 жылы

Азияның алып мемлекеті- Қытайда мемлекеттің құрылымы өзгеріп, Қытай Халық Республикасы жарияланды. XX ғасырдың 50-60 жылдары Азия мен Африкадағы отарлық иеліктердің тәуелсіздік алуымен байланысты саяси картада үлкен өзгеріс болды. Азияда Ұлыбритания мен Францияның иеліктері негізінде бірнеше тәуелсіз мемлекеттер (Мальдив аралдары, Камбоджа, Пәкістан Ислам

Республикасы, Бангладеш, Сингапур, Кувейт және т.б.) Осы кезеңде Африкада 40-қа жуық мемлекет тәуелсіздігін алды. Тарихта «Африка жылы» деген атқа ие болған 1960 жылы Африканың 16 елі тәуелсіздігін жариялады. Еуропаның саяси картасындағы өзгерістер XX ғасырдың 80-90 жылдары социалистік жүйенің ыдырауымен байланысты болды. 1989-1990 жылдары Болгария, ГДР, Румыния мен Чехословакияда тоталитарлық жүйеге қарсы төңкерістер болды. 1991 жылы дүниедегі аса ірі ел болып саналып келген КСРО ыдырап, оның құрамында болған 15 республика өзінің тәуелсіздігін алды. Балтық бойы мемлекеттерінен басқалары ТМД деп аталатын жаңа одаққа бірікті.

ЮФРО –ның ыдырауы салдарынан саяси картада тәуелсіз Хорватия, Слования, Македония, Босния, Герцеговина, Югославия Одақтық Республика пайда болды. 1993 жылдың қаңтарында Чехословакия Федерациялық Республикасы өзінің бірігіп өмір сүруін тоқтатып, оның орнында тәуелсіз екі мемлекет: Чехия және Словакия республикалары құрылды. 1990 жылы планетамызда егеменді ел 171 - ге жетті. Алайда осы жылдың мамыр айында, ұлттық - этникалық құрамы негізінде екі Йемен - Солтүстік және Оңтүстік Йемен Араб мемлекеттері қосылып, Арабия түбегінде жаңа мемлекет - Йемен Республикасы пайда болды. Ал қазан айында екі Герман - Батыс және Шығыс Германия мемлекеттері бірікті. Келесі жылы Берлин қаласы Германия Федерациялық Республикасының астанасы болып жарияланды. Осы себепті 1991 жылдың қаңтары картасында дүние жүзінің саяси картасында егеменді мемлекеттердің саны 169 - ға дейін қысқарды. Қазіргі кезде дүние жүзінің саяси картасында 200 - ден астам егеменді мемлекеттер бар. Бүгінгі таңда Біріккен Ұлтар Ұйымына 194 мемлекет мүше (1 кесте) Жоғарыдағы жаңадан құрылған мемлекеттер БҰҰ - ның құрамына, оның Бас Ассамблеясы сессиясының шешімі бойынша қабылданды.

<https://multiurok.ru/files/saiasi-ghieoghrafiia-saiasi-ghieoghrafiialyk-zhag.html>

### **Елдің саяси-географиялық орны**

«Белгілі бір елдің саяси-географиялық орналасуы» ұғымы елдің бейбіт саясат жүргізетін елдерге немесе халықаралық шиеленіс (напряженность) ошақтарына (очаг), халықаралық одақтарға, аймақтық қақтығыс (конфликт) аудандарына, әскери базаларға қатысты орналасуы. Бұл ұғым «экономика-географиялық орналасу» ұғымына жақын, себебі экономика мен саясат бір-бірімен тығыз байланысты. Экономикалық-географиялық орналасу сауда жолдары, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық орталықтары, дүниежүзілік нарыққа қатысты орналасуын білдіреді.

Тарихтың жекелеген кезеңдерінде экономика-географиялық жағдай жеке елдердің дамуына қатты әсер етті. Мысалы, бұрын Германияның артта қалуының себебі оның Атлант мұхитынан алыс орналасуымен түсіндірілген болатын, себебі Атлант мұхиты әлемдік сауда-саттықтың (торговля) басты жолы болып есептеледі. Қоғамдық өндіріс дами келе мемлекет табиғи факторлардан тәуелділігі азаяды, сондықтан экономика-географиялық орналасу көлік, сауда, халықаралық байланыстардың дамуына тәуелді болады.

Экономика-географиялық орналасу белгілі бір елдердің артта қалуы мен белгілі бір елдердің өркендеуін түсіндіре алмайды. Мысалы, АҚШ пен Батыс Еуропадан оқшау (изолированный) орналасқан Жапония халықаралық шаруашылықта алғашқы орындардың бірін алып жатыр. Бірақ, қолайсыз экономика-географиялық орналасу елдің дамуына әсер етеді. Мысалы, Дүниежүзілік мұхитқа шыға алмайтын елдер жүктерді тасымалдауда (транспортировка) үлкен шығындарға ұшырайды. Маңызды теңіз жолдарынан алшақ (далеко) орналасқан аралдық мемлекеттер де қиыншылық сезінуде: Сейшель аралдары, Маврикий және т.б.

Саяси-географиялық орналасу – бұл тарихи категория, ол уақыт өте келе өзгереді. Дүние жүзінде соңғы уақытта болып жатқан оқиғалар оны дәлелдейді.

*Дерек көзі:* <http://rui-tur.ru/politiko-geograficheskoe-polozhenie-stran.html>